

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ТҮЛКІБАС АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАСЫ» ШЖҚ МКК**

ХАТТАМАСЫ № 2024/1

«07» наурыз 2024 жыл

Т.Рысқұлов ауылы.

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Түлкібас аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мәжіліс залында: **Сыбайлас жемқорлық қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша** кезектен тыс жиналыс өткізілді.

Түлкібас аудандық орталық ауруханасының басшының орынбасары Т.Д. Алиев төрағалық етіп, басшысының орынбасарлары мен барлық әкімшілік бөлімі, бөлім меңгерушілері, аға дәрігерлермен, дәрігерлер, ДА,ФАП, МП және аға мед. бикелермен мейірбикелер қатысып ақпараттық-түсіндіру шараларын өткізді.

КҮН ТӘРТІБІ:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және алдын алу мәселесі бойынша»

Тақырыбы: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы(2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ), Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ) және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі (2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ).

Түлкібас аудандық орталық ауруханасының заңгері кеңесші М.М. Дуйсенбаев өз сөзінде: Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қайсын болмасын да қатты алаңдататыны айқын. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуге керек.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 1-бабының 5-тармақшасына сәйкес мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 1-бабының 6-тармақшасына сәйкес сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 8-бабына сәйкес Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау (ішкі және сыртқы) – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша айқындайтын тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мынадай бағыттар:

1) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін қозғайтын құқықтық және өзге де актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ұйымдық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізуге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де субъектілерінің мамандарын және (немесе) сарапшыларын тартуға құқылы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайларын жою жөнінде шаралар қабылдайды.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сай сыбайлас жемқорлық қылмыстар – осы Қылмыстық Кодекстің 189, 190, 218, 234, 249, 361, 362, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451, 452 баптарында көзделген.

Атап айтқанда: 189-бап. Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу; 190-бап. Алаяқтық; 218-бап. Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату); 234-бап. Экономикалық контрабанда; 249-бап. Рейдерлік; 361-бап. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану; 362-бап. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді

асыра пайдалану; 364-бап. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу; 365-бап. Занды кәсіпкерлік қызметпен айналысуға кедергі жасау; 366-бап. Пара алу; 367-бап. Пара беру; 368-бап. Парақорлыққа делдал болу; 369-бап. Қызметтік жалғандық жасау; 370-бап. Қызметтегі әрекетсіздік; 450-бап. Билікті теріс пайдалану; 451-бап. Билікті асыра пайдалану; 452-бап. Биліктің әрекетсіздігі; Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің аталған баптарды орын алған жағдайда тиісті еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға немесе тиісті жылға бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық Кодексте және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте көзделген.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды, тергеп-тексеруді және алдын алуды және оларды жасауға кінәлі адамдарды жауапқа тартуды өзі құзыреті шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, әскери полиция органдары, экономикалық тергеп-тексеру қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі анықталған жағдайда азаматтар 1424 тегін call-орталығына қоңырау шалып, мемлекетке хабарлай алады. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін адам мемлекет қорғауында болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен ұсынылады. Көрсетілген ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп біле отырып, әрбір қазақстандық, әрбір отбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бүкіл қоғамның ісі екенін түсіну керек.

Түлкібас аудандық орталық ауруханасының басшының орынбасары Т.Д. Алиев өз сөзінде: Бүгінгі жиналысымыздың маңызды тақырыбының бірі «Сыбайлас жемқорлықпен күрес» Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауір төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр.

Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбі азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Біз елдегі сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету бағытында елеулі қадамдар жасадық. Алайда, басты назар көбіне сыбайлас жемқорлықтың салдарларымен күресуге аударылып отыр. Сыбайлас жемқорлықтың себептері мен алғышарттарын анықтап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу туралы қатысты өз ұсынысы мен пікірлерін білдіріп, оларды жою жұмысын күшейту қажет деп бөлім меңгерушілермен аға дәрігерлеріне қызметті адал атқаруға, заңсыздыққа жол бермеуге шақырып деп сөзін аяқтады.

Жоғарыдағы аталғандардың негізінде қортындылай келе, медициналық ұйымдардың басшының орынбасарлары мен барлық әкімшілік бөлімі, бөлім меңгерушілері, аға дәрігерлермен, дәрігерлер, ДА, ФАП, МП және аға мед. бикелермен мейірбикелер тікелей жауапкершілігімен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» № 410-V заңын басшылыққа ала отырып, басқарып отырған мекеменің жалпы жүйесінде өз құзыреті шегінде талаптарын орындап, онда көзделген тәртіптік шара қолдана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық Кодексте және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексте көзделгендігі туралы екенің айтып, тансытырылды.

Бандамашыға сұрақтар беріліп, оның барлығына да толық жауап қайтарылды.


Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында тиісті шаралар қолданылатындығын ескертілді.

Мәжілістің төрағасы:



Т.Д. Алиев

Хатшы: ТАОА заңгері кеңесші



М.М. Дуйсенбаев.